

«Көп Рақмет» науқанының ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. «Көп Рақмет» науқанының ұйымдастырушысы болып (бұдан әрі – Науқан) «NetBet (НэтБэт)» ЖШС табылады, БСН: 170140017744, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Конаев қ., С.Сейфуллин көш., № 26/1 үй, 3 б. Банк: "ForteBank" АҚ Алматы қаласындағы филиалы, БСК IRTYKZKA, KZ4496502F0014170076, № 23019645 букмекерлік кеңсенің қызметін жүзеге асыруға Лицензия "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті" РММ 06.09.2023 жылдан бастап, қолданылу мерзімі 09.03.2027 жылға дейін берілді (бұдан әрі –(Ұйымдастырушы)).

1.2. Науқан осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі (бұдан әрі – Ережелер).

1.3. Науқан 15.11.2023 ж. сағат 00:00 – ден 27.12.2023 ж. сағат 23:59-ға дейін Астана қаласы уақыты бойынша өткізіледі. Байқаудың өткізілу мерзімі Ұйымдастырушымен өзгертілуі мүмкін.

1.4. Науқан Интернет желісінде жүргізіледі.

1.5. Науқан лотерея болып табылмайды, оған Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі No 495-V ҚРЗ «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заңының ережелері қолданылмайды

1.6. Науқанға қатысу ерікті болып табылады

1.7. Науқан пайда немесе басқа кіріс табу мақсатын көздемейді және осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады

1.8. Ереже терминдері сондай-ақ ставкаларды қабылдау және ставка жасау ережелерінде көрсетілген терминологияға, www.olimpbet.kz ұйымдастырушысының сайтында орналастырылған "NetBet (НэтБэт)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің букмекерлік кеңсесінің жұмыс қағидаларына сәйкес қолданылады.

2. Науқанға қатысу

2.1. Науқанға әрекет қабілеттілігіне ие, 21 жасқа толған, Ұйымдастырушының www.olimpbet.kz сайтында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады (бұдан әрі – «Қатысушы»), олардың ішінде әрекет қабілеттілігіне ие, шетел азаматтары¹, Ережелер шарттарын орындаған жағдайда.

2.2. Ұтысты алу үшін Қатысушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке сәйкестендіру мен верификациядан өтуге міндетті.

2.3. Науқанға Ережелердің 3.7, 3.8, 3.9 тармақтарын ескере отырып, оны іске асыру кезеңінде осы Ережелердің шарттарын қанағаттандыратын желі оқиғасына ставка жасаған барлық Қатысушылар қатысады.

¹ №1 бас жұлдені қоспағанда (Астана қаласындағы пәтер), Ережелердің барлық шарттарын орындаған жағдайда, тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана жеңімпаз бола алады.



2.4. Науқанға оны өткізудің келесі шарттарын орындаған барлық қатысушылар қатысады² (пәтерлердің ұтыс ойынынан басқа)

2.4.1. Қатысушы 15.11.2023 ж. сағат 00:00-ден 26.12.2023 ж. сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде Аккаунттағы бөлімінде кез келген спорттық нәтижеге Аккаунт теңгерімін пайдалана отырып желі бойынша ставка жасады;

2.4.2. Науқанға қатысу үшін желі оқиғасына дара ставка минималды сомасы 3000 (үш мың) бірлікке 1,5-тен жоғары коэффициентке қойылған болу қажет.

2.4.3. Науқанға қатысу үшін желі оқиғасына экспресс ставка минималды сомасы 3000 (үш мың) бірлікке 1,8-ден жоғары коэффициентке қойылған болу қажет.

2.4.4. "Olimpbet play" You Tube арнасына жазылу қажет. Арнаға сілтеме <https://www.youtube.com/@olimbetplay>.

2.4.5. **Пәтер ұтыс ойынына қатысу шарттары:** Қатысушы 15.11.2023 ж. сағат 00:00-ден 26.12.2023 ж. сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде Аккаунттағы бөлімінде кез келген спорттық нәтижеге Аккаунт теңгерімін пайдалана отырып желі бойынша ставка жасады;

Науқанға қатысу үшін желі оқиғасына дара ставка минималды сомасы 10 000 (он мың) бірлікке 1,5-тен жоғары коэффициентке қойылған болу қажет.

Науқанға қатысу үшін желі оқиғасына экспресс ставка минималды сомасы 10 000 (он мың) бірлікке 1,8-ден жоғары коэффициентке қойылған болу қажет.

2.4.6. "Olimpbet play" You Tube арнасына жазылу қажет. Арнаға сілтеме <https://www.youtube.com/@olimbetplay>.

2.5. Аккаунттың бөліміндегі желі оқиғасына жасалған бір ставка үшін қатысушы жүлделер ұтыс ойынында жеңіске жетудің бір мүмкіндігіне ие болады - желі оқиғаларына жасалған көбірек ставкалар ұтыс ойынында жеңіске жетудің ықтималдығын арттырады.

Мысалы:

- Қатысушы 3000 (үш мың) бірлік сомасына желі оқиғасына (коэффициент 1.5-тен жоғары) дара ставка жасады. Желі оқиғасына жасалған ставка ұтыс/ұтылыс болып есептелді. Қатысушы 1 мүмкіндік алады.
- Қатысушы 6000 (алты мың) бірлік сомасына желі оқиғасына (коэффициент 1.5-тен жоғары) дара ставка жасады. Желі оқиғасына жасалған ставка ұтыс/ұтылыс болып есептелді. Қатысушы 1 мүмкіндік алады.
- Қатысушы әрқайсысы 3000 (үш мың) бірлік сомасына желі оқиғасына (коэффициент 1.5-тен жоғары) 3 дара ставка жасады. Желі оқиғасына жасалған ставкалар ұтыс/ұтылыс болып есептелді. Қатысушы 3 мүмкіндік алады.

² Ол сондай-ақ Live 24/7, жылдам ойындар және кибербум режимінде жасалған ставкаларға қолданылады

2.5.1. **Маңызды:** Аккаунт теңгеріміндегі бонустық ұпайлар арқылы желі оқиғасына, LIVE, 24/7 Ставкаларына, Кибер Бум оқиғаларына қойылған ставкалар Науқанға қатыспайды.

2.6. Науқанда күші жойылмаған/қайтарылмаған, сатылмаған немесе 1,0 коэффициентімен қайта есептелмеген, Ережелердің 2.4 тармағында белгіленген ставкалар ғана есепке алынады.

2.7. Ұтыс ойынының жеңімпаздары Randomus кездейсоқ сандар генераторының көмегімен (<https://randomus.ru/>) Ұйымдастырушының <https://www.youtube.com/@olimpbetkz4569> сілтемесінде орналасқан ресми YouTube арнасында тікелей эфирде анықталады (бұдан әрі – Жеңімпаз);

2.8. Ұтыс ойынының нәтижелері мен жеңімпаздардың логиндері көрсетілген пост Ұйымдастырушының YouTube видеохостингіндегі ресми парақшасында және/немесе Instagram желісінде: <https://www.youtube.com/@olimpbetkz4569>, https://www.instagram.com/olimpbet_kazakhstan/ жарияланады.

3. Жүлде қоры және жүлделерді тапсыру тәртібі

2.1. Науқан шарттарына сәйкес, жүлде қоры 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеден аспайды.

2.2. Науқан жеңімпаздарының жалпы саны – 10 003 (он мың үш) Қатысушы.

2.3. Ұтыс ойындар күнтізбесі:

- 1) 29.11.2023 жылы Астана қаласы уақыты бойынша сағат 19:00-де.
- 2) 13.12.2023 жылы Астана қаласы уақыты бойынша сағат 19:00-де.
- 3) 27.12.2023 жылы Астана қаласы уақыты бойынша сағат 19:00-де.

2.4. Ұтыс ойынының күні мен уақытын Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен өзгерте алады. Жүлделердің ұтыс ойындары және олардың нәтижелері туралы өзекті ақпарат Ұйымдастырушының сайтындағы Науқандар парақшасында орналастырылады <https://olimpbet.kz/promo/koprahmet>.

2.5. Жүлде қоры:

Жүлде №	Жүлде атауы	Саны	Бір бірліктің ақшалай баламасы	Жалпы жүлде қоры
1	Астана қаласында пәтер*	3	25 000 000 теңге	75 000 000 бірлік

2	APPLE MacBook Pro	9	820 000 теңге	7 380 000 единиц
3	Samsung QLED The Serif UHD SMART 55" теледидары (139.7 см)	11	625 000 теңге	6 875 000 бірлік
4	Iphone 15	30	500 000 теңге	15 000 000 бірлік
5	Playstation 5	45	300 000 теңге	13 500 000 бірлік
6	Xbox Series S	45	220 000 теңге	9 900 000 бірлік
7	Garmin сағаты	60	115 000 теңге	6 900 000 бірлік
8	Xiaomi Mi Robot Vacuum	60	130 000 теңге	7 800 000 бірлік
9	Airpods	90	80 000 теңге	7 200 000 бірлік
10	Яндекс Станция 2 ақылды дыбыс бағанасы	90	70 000 теңге	6 300 000 бірлік
11	Яндекс Мини	120	20 000 теңге	2 400 000 бірлік
12	Power bank Xiaomi Redmi 10000mAh Black	140	10 000 теңге	1 400 000 бірлік
13	10 000 бірлік сомасына Фрибет	600	10 000 теңге	6 000 000 бірлік

14	7 000 бірлік сомасына Фрибет	1 350	7 000 теңге	9 450 000 бірлік
15	5 000 бірлік сомасына Фрибет	1 800	5 000 теңге	9 000 000 бірлік
16	3 000 бірлік сомасына Фрибет	2 550	3 000 теңге	7 650 000 бірлік
17	1 000 бірлік сомасына Фрибет	3 000	1 000 теңге	3 000 000 бірлік

** Пәтер мен жалпы жүлде қорының құны жүлде берілген кезде өзгертілуі мүмкін +/- 3 000 000 теңге, Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүлікке баға белгілеуге байланысты.*

2.6. №2-12 Жұлделердің ұтыс ойынының нәтижелері бойынша Жеңімпаздың Аккаунт теңгеріміне ұтыс бонустар түрінде есептеледі, бонустар саны Ұйымдастырушы бекіткен жүлденің құнына сәйкес келеді және оның эквиваленті болып табылады.

2.7. № 2-12 жұлделерінің баламасы Бағдарлама Жеңімпазының Аккаунт теңгеріміне 10 (он) күн ішінде, Қатысушы жеңімпаз болып жарияланғаннан кейін 72 (жетпіс екі) сағат ішінде Жеңімпаздың верификацияны өтті деген шартымен аударылады, сондай-ақ Жеңімпаздың суреттерін пайдалануға, сұхбат беруге, жарнамалық, ақпараттық және басқа да материалдарда бейнеролик түсіруге келісім беру туралы Жеңімпазбен Келісім жасалды деген шартымен. Егер Жеңімпаз верификациядан белгіленген мерзімде өтпесе, ұтыс ойынының нәтижесі жойылады, ұтыс ойыны қайталанбайды.

2.8. № 13-17 фрибеттер түріндегі жұлделер ұтыс ойыны аяқталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Жеңімпаздың осы Ережелердің 3.7 тармағында көзделген шарттарды орындаған Жеңімпаздың Аккаунт теңгеріміне аударылады.

3.8.1. Осы тармаққа сәйкес есептелген фрибеттер 2-тен кем емес коэффициентпен желі оқиғаларына фрибеттің барлық сомасына дара ставка қою қажет.

3.8.2. Есептелген бонустарды пайдалану мерзімі Аккаунт Теңгеріміне аударылған сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күнді құрайды. Көрсетілген



мерзім аяқталғаннан кейін Науқан нәтижелері бойынша бұрын аударылған бонустар жойылады.

3.8.3. Мүмкін ұтыс фрибет сомасына тең. Егер ставка қандай да бір себептерден жойылса/қайтарылған болса, фрибет жойылады.

2.9. Ұтыс ойынының нәтижелері бойынша № 1 жүлде ұйымдастырушының қалауы бойынша жеңімпазға материалдық түрде немесе ақша баламасы түрінде³ бағдарлама Жеңімпазының Аккаунт теңгеріміне 30 (отыз) күн ішінде беріледі, Қатысушы жеңімпаз болып жарияланғаннан кейін 72 (жетпіс екі) сағат ішінде Жеңімпаздың верификацияны өтті деген шартымен, сондай-ақ Жеңімпаздың суреттерін пайдалануға, сұхбат беруге, жарнамалық, ақпараттық және басқа да материалдарда бейнеролик түсіруге келісім беру туралы Жеңімпазбен Келісім жасалды деген шартымен. Егер Жеңімпаз верификациядан белгіленген мерзімде өтпесе, ұтыс ойынының нәтижесі жойылады, ұтыс ойыны қайталанбайды.

2.10. Науқан бойынша алынған бонустар жинақталмайды және Ұйымдастырушының басқа науандарының бонустарымен есепке алынбайды.

2.11. Науқанды ұйымдастырушы салық агенті ретінде әрекет етеді және жүлде сомасынан ЖТС ұстап қалуға құқылы.

4. Науқан ұйымдастырушысы жауап бермейді:

4.1. Қатысушының жалған ақпаратты, соның ішінде Қатысушының мекен-жайы туралы мәліметтерді және (немесе) оның байланыс телефонының нөмірі, электрондық пошта мекенжайы туралы ақпаратты дәйексіз ұсынғаны үшін Қатысушының ақпараттық хабарлама алмағаны үшін;

4.2. Науқан Қатысушыларына тікелей қызмет көрсететін байланыс операторларының жұмысындағы ақаулар үшін, жүйенің істен шығуы және Науқан Қатысушысының ғаламтор провайдерінің басқа да техникалық ақаулары үшін;

4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда.

5. Науқанға 21 жасқа толмаған тұлғалардың қатысуына жол берілмейді.

6. Матчтың барлық ықтимал нәтижелерін жабу мақсатында бір спорттық оқиға шеңберінде матчтың бірнеше нәтижесіне дара ставка жасау кезінде Науқанға қатысуға жол берілмейді. Мұндай іс-әрекеттерді Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен заңсыз деп бағалайтын болады, Қатысушы есептелген бонустарды сақтамай Науқаннан шығарылатын болады.

7. Науқанға қатысу үшін бір Қатысушы тек бір Аккаунтты пайдалана алады. Егер бір Қатысушының қайталанатын Аккаунттары табылса,

³ Бір Жеңімпазға 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңгеден аспайтын сомадағы ақшалай баламада.



Қатысушы есептелген бонустарды сақтамай Науқаннан шығарылатын болады.

8. Осы Науқанға қатыса отырып, Қатысушы ставка қабылдау және өткізілетін ұтыстар Ережелерімен, «NetBet (НэтБэт)» ЖШС Букмекерлік кеңсесінің жұмыс Ережелерімен, сондай-ақ Науқан шарттарымен автоматты түрде келіседі.

9. «NetBet (НэтБэт)» ЖШС осы науқан шарттарын себепсіз қайтарып алуға немесе өзгертуге құқылы. Осы Ережелердегі толықтырулардың (өзгерістердің) бар екендігі туралы науқан Қатысушыларын тиісті хабардар ету www.olimpbet.kz сайтында ақпаратты орналастыру болып табылады.

10. Дербес деректерді өңдеу тәртібі

10.1. Дербес деректерді өңдеу қолданушы Ұйымдастырушының сайтында дербес деректерді өңдеуге келісіміне сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Дербес деректерді өңдеудің мақсаттары:

1) Науқанды осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізу;

2) Ұйымдастырушының салық агенті ретінде міндеттерін орындауы;

3) электрондық байланыс желілері арқылы Ұйымдастырушыдан немесе Ұйымдастырушы уәкілеттік берген тұлғалардан sms-хабарламалар, жарнама және хат-хабарламалар жіберу үшін деректерді пайдалану;

4) Науқан жарнамасына бағытталған материалдарды нарықта тауарларды жылжытуға ықпал ететін жарнамалық және басқа да коммерциялық мақсаттарда пайдалану Науқан Қатысушылары туралы инициалдарды (аты, әкесінің аты, тегі), туған күнін, суреттерді, фотожәне бейнематериалдарды, сондай-ақ жеңімпаздар туралы сұхбаттарды және өзге де материалдарды пайдалану.

10.3. Қатысушы ұсынатын жеке мәліметтер тізімі Ұйымдастырушы немесе Ұйымдастырушы уәкілеттік берген тұлғалар өңдейтін дербес деректердің тізімі www.olimpbet.kz сайтында тіркелген кезде Қатысушы енгізген мәліметтермен шектеледі.

10.4. Қатысушылар ұсынатын дербес деректермен жүргізілетін іс-шаралар тізімі: жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жетімділік беру), жеке тұлғаны жекешелендіру, бұғаттау, жою.

10.5. Науқан шеңберінде дербес деректерді трансшекаралық тасымалдау жүзеге асырылмайды, дербес деректер Қазақстан Республикасының аумағында өңделеді және сақталады.

10.6. Науқан ұйымдастырушы Қатысушылардың жеке деректерін өңдеуді қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады

11. Басқа ережелер



11.1. Осы Науқанға қатысу құқығына қатысты барлық даулы жағдайларды және жүлдені алуға қатысты барлық мәселелерді Ұйымдастырушы басшылығы шешеді. Бұл шешімді орындау міндетті болып табылады және Қатысушылар немесе кез келген үшінші тұлғаның шағымдануына жатпайды